

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 64 жылдық мерекесіне орай кейбір санаттағы азаматтарға біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 30 сәуірдегі N 162 қаулысы. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 5 маусымда N 4-8-148 тіркелді. Күші жойылды – Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 03 қыркүйектегі № 338 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 03.09.2009 № 338 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабын басшылыққа алып және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 64 жылдық мереке құрметіне аудандағы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соғыста қаза болған немесе хабарсыз кеткен жауынгерлердің жесірлеріне, әр қайсына 10 000 (он мың) теңге мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Әлеуметтік көмек осы санаттағы азаматтардың табыс мөлшеріне байланыссыз төленсін.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (А. Әмірғалиев) аудан бойынша жоғарыда көрсетілген санаттағы адамдардың нақты тізімін шығарып, осы мақсатқа қаралған қаржы есебінен біржолғы төлем төлеуді жүзеге асырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары, әкімдік мүшесі С. Рахимовқа жүктелсін.

5. Қаулы әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткен соң заңды күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан бастап күнтізбелік он күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК